

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«№66 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК**

**ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІ**

*Таңдау курсының бағдарламасы*

**1-4-СЫНЫП**

**НҰР-СҰЛТАН, 2021**

Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды. Хаттама № 3. 09. қыркүйек 2021 жылы.

**Пікір берушілер:**

Бейсенова Р.Р., Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Қоршаған ортаны қорғау және инжиниринг кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор .

Айтимова Г.Е., Нұр- Сұлтан қаласы №8 мектеп-лицей КММ директоры.  
Нуршина Р.А ,Жезқазған қаласының білім бөлімі № 8 гимназиясы ККМ бастауыш сынып мұғалімі педагог- зерттеуші .

**Құрастырушы:** Алимжанова К.Ж. Зерттеу негізі таңдау курсының бағдарламасы. 1-4 сынып Нұр-Сұлтан , 2021. - 14 б.

Бұл бағдарламада 1-4 оқушыларына арналған зерттеу негіздерінің әдістері берілген. Бағдарлама жалпы орта мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	3
I .Күнтізбелік -тақырыптық жоспарлар.....	6
1.1. 1 сынып .....	6
1.2. 2-сынып .....	8
1.3. 3-сынып .....	10
1.4. 4-сынып .....	12
Пайдаланылған әдебиеттер.....	14

## ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үрдісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы орта білім берудің жалпыұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуға дайын, құзіретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету. Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үрдісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр[6].

Бүгінгі күнгі біздің ұрпақ таңдауына шексіз мүмкіндік туған заманда өмір сүріп жатыр. Бүгінгі оқушыны әлемде болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе білетін қабілетіне байланысты өмір сүру тәртібі күтіп тұр. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамзаттан қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді [3].

Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау. Елдің ертеңі болашақ ұрпақтардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік-балатабиғатына тән құбылыс[12].

«Зерттеу негіздері» бағдарламасы оқушының жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. 1-4 сынып оқушыларын ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге баулиды. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы жоғары болатынын әрқайсымыз білеміз. Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді.

Ендеше, мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді әдістердің бірі- зерттеуге негізделген оқыту. Оқытудың осы түрін кеңінен қолдану оқушы бойында зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға мүмкіндік туғызады[15].

### **Бағдарламаның бағыты:**

Оқушыны ізденушілікке баулуға, оған зерттеу дағдысы мен білігін игертуге.

Қоршаған ортаны танып білуге құштарлықтарын арттыруға.

Өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашуға ұмтылуға.

Таңдаған бағыты бойынша өзінің даму деңгейіне шығуына мүмкіндік жасауға.

Әдебиеттерді талдай білуге, анықтамалармен жұмыс істеуге үйретуге.

Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білуге. (ғаламтор, электронды пошта).

қоршаған ортада өз орнын, жеке рөлін анықтай білуге.

### **Бағдарлама мақсаты:**

Оқушы тұлғасының өзін-өзі дамыту процесіндегі интеллектуалдық – шығармашылық потенциясын дамытуда зерттеушілік қабілеттерін жетілдіру.

### **Бағдарлама міндеттері:**

\*оқушының танымдық қажеттіліктерін дамыту;

\*төменгі сынып оқушыларын өз бетінше зерттеу және жобалау жүргізуіне қажетті арнайы біліммен қамтамасыз ету;

\*оқушыларда зерттеуге ізденіс және шығармашылық жобалау білігі мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.

### **Күтілетін нәтиже:**

- ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің танып-білуіне дамуына ықпал етеді.
- өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- ойжүйелілігімен шешендік өнері қалыптасады, талдау жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді.

### **Бағдарламаның құрылымы:**

Бағдарламаның жылдық күнтізбелік сағаты.

1 сыныптарда аптасына 1 сағаттан-33 сағат.

2 сыныптарда аптасына 1 сағаттан-34 сағат.

3-4 сыныптарда аптасына 1 сағаттан-34 сағат.

Бағдарламаның базалық мазмұны:

«Зерттеу негіздері» 6 юниттен тұрады

### **Бағдарламаны игерудің болжамды нәтижелері:**

#### **Пәнді оқытудың жеке нәтижелері:**

- Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Бұдан әрі физиканы оқуға уәждемені қалыптастыру.
- Табиғатқа жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу, қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін сезіну.
- Бір-біріне, мұғалімге жеке қарым-қатынасты қалыптастыру.

#### **Пәнді оқытудың метапәндік нәтижелері:**

- Зерттеу қызметінің тәсілдерін меңгеру (жоспар құру, аспаптарды пайдалану, қорытындыларды тұжырымдау және т. б.).
- Әр түрлі формада (кестелер, графиктер, суреттер және т. б.), әр түрлі тасығыштарда (кітаптар, Интернет, мерзімді басылымдар және т. б.) ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін қалыптастыру.).
- Коммуникативтік біліктерді дамыту және тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесін меңгеру (пікірталас жүргізу, топтарда жұмыс істеу, хабарламалармен сөз сөйлеу және т. б.).

#### **Курстың пәндік нәтижелері:**

- Қарапайым зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

- Практикалық тапсырмаларды шешу үшін алынған білім мен іскерлікті қолдану.

# 1. КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАР

## 1.1. 1-сынып

Аптасына 1 сағат. Барлығы 33 сағат

№	р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
Біз кімбіз?	1	Тақырып таңдау. Менің есімім	2	
	2	Оқушы болдың өмірінде не өзгерді?	3	
	3	Отбасы мүшелеріне қалай қамқорлық жасауға болады?	3	
Уақытпен кеңістіктегі біздің	4	Уақытты анықтау не үшін қажет?	3	
	5	Күн тәртібін сақтау неліктен маңызды?	3	
Біз өзімізді қалай көрсетеміз?	6	Жабайы және екпе өсімдіктерінің айырмашылығы неде?	2	
	7	Табиғат элементтерін білгің келеді ме?	2	
Әлем қалай құрылған?	8	Ауаның қасиеттерін қалай сипаттаймын?	2	
	9	Бөлме өсімдіктерінің пайдасы бар ма?	2	

	10	Жануарлардың көптүрлілігі және олардың өзара қатынастары туралы не білесің?	2	
Планета-біздің ортақ үйіміз.	11	Жер айналымы нәтижесінде қандай өзгерістер болады?	2	
	12	Найзағайдан қалай қорғануға болады?	2	
Біз өзімізді қалай	13	Дене салмағын неліктен өлшейміз?	3	
	14	Қорытынды көрме	2	



## 1.2. 2-сынып

Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат

№	р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
Біз кімбіз?	1	Зерттеу кезеңдері. Өзім туралы.	3	
	2	Отбасы мүшелеріне қалай қамқорлық жасауға болады?	3	
	3	Қайырымды бала қандай болу керек?	2	
Уақытпен кеңістіктегі біздің орнымыз	4	Негізгі бөлім. Түйіндеме	2	
	5	Күн тәртібін сақтау неліктен маңызды?	2	
	6	Ауаның қасиеттерін қалай сипаттаймын?	2	
Біз өзімізді қалай көрсетеміз?	7	Мәңгілік «Ақ қардың» мекені қайда?	2	
	8	100кг макулатура 1 ағашты сақтайды дегенге сенесің бе?  Мен ағашты қорғаймын.	3	
Әлем қалай құрылған?	9	Бөлме өсімдіктерінің пайдасы бар ма?	2	

	10	Қазақстан неліктен табиғат ресурстарына бай мемлекет саналады?	2	
	11	Өсімдіктерді қорғау үшін не істей аласың?	2	
Планета-біздің ортақ үйіміз.	12	Найзағайдан қалай қорғануға болады?	2	
	13	Жер айналымы нәтижесінде қандай өзгерістер болады?	2	
Біз өзiмiздi қалай ұйымдастырамыз?	14	Жабайы және екпе өсімдіктерінің айырмашылығы неде?	2	
	15	Дене салмағын неліктен өлшейміз?	2	
	16	Сыныптағы сауалнама Қорытынды көрме.	1	

### 1.3 3-сынып

Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат

№	р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
Біз кімбіз?	1	Зерттеу кезеңдері . Эколог деген кім?	3	
	2	Қауіп-қатерлерден қалай сақтануға болады?	2	
	3	Сен мектепте не үйренгің келеді?	3	
Уақыт кеңістіктегі біздің орнымыз	4	Күн тәртібін сақтау неліктен маңызды?	2	
	5	Табиғат элементтерін білгің келеді ме?	3	
Біз өзімізді қалай көрсетеміз?	6	Атмосфера ненің салдарынан ластанады?	3	
	7	Жанбайтын ағаш бола ма? Ағаш дегеніміз не? (Зерттеудің болжамы)	3	
	8	Бөлмедегі өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау үшін не істеу керек?	2	
	9	Химиялық элементтер мен қосылыстар туралы білесің бе?	2	

Планета-біздің ортақ үйіміз.	10	Мәңгілік «Ақ қардың» мекені қайда?	2	
	11	Күн болмаса не болар еді?	2	
	12	Ай болмаса не болар еді?	2	
қалай өзімізді ұйымдастырамыз?	13	Қоқысты бөліп жинаудың қандай пайдасы бар ?  Скрапбукинг жасау	2	
	14	Зерттеу нәтижесі.Ғажайып алма Біз қалай тамақтанамыз?	2	
Біз	15	Сыныптағы сауалнама. Қорытынды көрме	1	

#### 1.4. 4-сынып

Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат

№	р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
Біз кімбіз?	1	Кіріспе сабағы  Мен көшбасшы болсам қалай шешім қабылдаймын?	3	
	2	Ғылыми жобаның тақырыбын таңдау.  Менің ататегім қайдан бастау алады?	3	

	3	Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?	2	
Уақыт пен кеңістіктегі біздің орнымыз	4	Жануарлардың көптүрлілігі және олардың өзара қатынастары туралы не білесің?	3	
	5	Адамдарды позициялық сандар жүйесін жасауға не мәжбүр етті?	2	
Біз өзімізді қалай көрсетеміз?	6	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері  Бөлмедегі өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау үшін не істеу керек?	2	
	7	Зерттеудің болжамы.  Жанбайтын ағаш бола ма? Ағаш дегеніміз не?	2	
Әлем қалай құрылған?	8	Зерттеу бағыттары мен саласы.  Мәңгілік ақ қардың мекені қайда?	2	
	9	Табиғатты ғылыми тану әдістерін білесің бе?	3	

	10	Химиялық элементтер мен қосылыстар туралы білесің бе?	2	
Планета-біздің ортақ үйіміз.	11	Ай болмаса не болар еді?	3	
	12	Атмосфераға бөлінетін зиянды заттардың көлемін қалай азайтуға болады?	2	
Біз өзімізді қалай ұйымдастырамыз?	13	Ғажайып алма Біз қалай тамақтанамыз?	2	
	14	Микробтарды жою үшін қандай әрекеттер жасау керек?	2	
	15	Сыныптағы сауалнама Қорытынды көрме	1	

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Полежаева А.В. – Астана: Жаратылыстану. 2-сынып. Оқулық. / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2017.-96б.
2. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Полежаева А.В. – Астана: Жаратылыстану. 3-сынып. Оқулық. / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2018.-96б.
3. Байгазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А., Тураканова Г.А., Хонтай М.К. – Астана: Жаратылыстану. 4-сынып. Оқулық. / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2019.- 88 б.
4. Жексенбаева Ү.Б., Игенбаева Б.Қ., Ниязова Г.Б. Зерттеушілік оқыту технологиясы (бастауыш мектепте). - Астана, 2006.-25б.
5. Иманғожина Ө., Каламыцин П. - Салауатты тамақтану мектебі /- «Алматы» 2015-74б.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
7. Қаңтарбай С.Е. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық: ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен / Қаңтарбай С.Е., Жүсіпов Ж.А.; ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Алматы, 2012. - 272 б.
8. Қаратабанов Р.Ә., Құсайынова Ж.Б., Үржігітова Г.А., Батырова Г.С. - Алматы: «Алматыкітап Баспасы», 2021 1-сынып Жаратылыстану. -120б.
9. Қоянбаев М. «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» 2005 жыл.-14б.
10. Греннон Брукс, Дж и Брукс, М.Г.. Түсіну іздеуде. Конструктивистік сыныптарға арналған іс. Бақылау және оқу жоспарларын әзірлеу қауымдастығы. 0-87120-211-5. 2001-98 б.
11. Дункан, Математика туралы бастауыш мұғалімдер нені білуі керек (2-ші басылым). Ходдер және Стуттон. 0-340- 64377-3. 1993.-76б.
12. Eisner, EW. «Ойлауды дамытудағы таным мен оқу бағдарламасындағы өнердің рөлі»: ойлауды оқытуға арналған ресурстар кітабы (3-ші басылым), Коста, А. Қадағалау және оқу жоспарларын дамыту қауымдастығы (ASCD) өңдеді. 2001.-168б.
13. ESTYN. Уэльстің бастауыш және орта мектептеріндегі жеке және әлеуметтік білім берудің стандарттары мен сапасы. Уэльстегі мектептерді тексеру қызметі. 2002.-154б.
14. Корсон Д. Мектептердегі тіл саясаты: мұғалімдер мен әкімшілер үшін ресурс. Лоуренс Эрлбаум Associates. 0-8058-3296-3. 1999.-54б.
15. Савенков А.И. Маленький исследователь. Как научить младшего школьника приобретать знания/Художник Левина Л.И.-Ярославль: Академия развития. Академия Холдинг, 2002.(Развивающее обучение. Практические задания.)-208б.

